



# БАЛАУСА

Қайта тудым өмірге, қайта келдім,  
Айта бергім келеді, айта бергім ...»

«Мен қазақтың, белдімін, байтақ елмін,  
Мен мыңда бір тірілдім, мәңгі өлмеске,

Жұбан Молдағалиев

Дарынды балаларға арналған мамандандырылған гимназия оқушыларына таратылатын газет, №2-19 желтоқсан, 2011-2012 оқу жылы, /тоқсанында бір рет шығарылады/

## Өзін айдарымыз!

Қоғамдық жаңалықтар  
Мәдениет көкжиегі  
Әдебиет айдыны  
Спорт жаңалықтары

## Мектеп жаңалықтары:

- «Астана сапарынан түйген ой...» мектеп директорымен сұхбат
- Мектептің «Балауса» радио-ақпарат орталығында «20 жұлдызды күн» немесе «Тәуелсіздіктің 20 шыңы» аясында ұйымдастырылған республикалық деңгейдегі іс-шара өткізілді.
- Азаматтық қоғам бағыты бойынша «Алаш аманаты - Тәуелсіздік» атты тарих пәнінің мұғалімдері ұйымдастырған ғылыми-теориялық конференция өтті.
- 11 қараша күні мектепшілік ғылыми жобалар сайысы өкізіліп, барлық 8 жоба облыстық турға жіберілді. Облыстық іріктеу кезеңінен 4 жоба өтті.
- 30 қараша күні 7-11-сынып оқушылары арасында мектепшілік олимпиада өткізілді.
- Облыстық «VI Мұқағали Мақатаев» оқуларында 10-сынып оқушысы Сейітханова Дария І орынды жеңіп алды.

## "Тәуелсіздіктің 20 жылдығымен" құттықтаймыз!

«... Осыдан 20 жыл бұрын жастарымыз жиналып, тотолитарлық жүйенің толымсыз істеріне, сұрқия саясатына қарсы шыққан болатын. «Қазақ өзін-өзі басқара алмайды, ішінен басшы туған жоқ», - тарихымыз бен мәдениетімізді білмейтін, келгеніне намыстанып, біздің жастарымыз жылы



сеніп, өз ерліктің Бейбіт соғып, талай білеміз. тағылым қарай жүру Нұрсұлтан



деп, елімізге дінімізді, тілімізді, жаны ашымайтын адамды алып алаңға шығып, Горбачевтің 1985 жариялаған сөз бостандығы мен демократияның рас екендігіне наразылықтарын білдірді. Бұл ғана емес, елдіктің де нышаны еді. сезімдегі жастарымызды ұрып-артынан қуғын-сүргінге түсіріп, жағдайды жасағанын бәріміз де Оның бәрі – тарих. Тарихтан алу керек, сөйтіп отырып, алға керек».

Әбішұлы Назарбаев

# Қоғамдық жауапкершілік

«Еліміздің ертені бүгінгі жас ұрпақтың қолында,  
ал жас ұрпақ тағдыры ұстаздың қолында»  
(Н.Назарбаев)

«Астана іс-сапарынан түйген ой...»

Жуырда мектеп директоры – Сламбекова Рымкеш Хамитқызы іс-сапармен Астана қаласына барып қайтты. Сіздердің назарларыңызға Рымкеш Хамитқызымен жүргізген сұхбатымызды ұсынамыз.

– Сәлеметсіз бе, Р.Хамитқызы! Сізді шын жүректен ел тәуелсіздігінің 20 жылдығымен құттықтаймыз! Енді жуырда Астанаға барған іс-сапарыңыз жайлы айтып кетсеңіз?

– Сәлеметсіздер ме! Рахмет, балалар, сендерді де ел тәуелсіздігінің 20 жылдығымен құттықтаймын. Алдағы оқуларыңда мол табыс пен зор денсаулық тілеймін! Біз 8-10 қараша аралығында Павлодар облысының дарынды балаларға арналған гимназия және лицейлерінің басшылары «Дарын» орталығының директоры Шолпан Ақашқызының басшылығымен Астанаға барып қайттық. Бұл жиынға баруымыздың себебі – «Дарынды балаларға арналған мектептің жұмысы қандай болуы керек?», «жалпы ондай мектептердің болашағы қалай болуы керек?» деген сауалдар төңірегінде іс-тәжірибе алмастық.

– Жұмыс барысында алғаш табалдықырық аттаған мектептер туралы айтып өтсеңіз? Жалпы ол мектептер өзге білім ордаларынан несімен ерекшеленеді?

– Ең бірінші «Дарын» республикалық орталығының басшысы – Шолпан Ақашқызымен бастаған топ бізді – «Назарбаев университетіндегі» Хейлбери мектебіне апарды. Аталған мектепті өз көзімізбен көрдік. Сондай-ақ, онда болып жатқан істерді көре отырып, «болашақта осы мектептердің арасындағы балалардың қарым-қатынасы қалай болар?» деген сұрақтарға көптеген жауап алып келдік. Бүгінгі таңда біздің мектеп дарынды балаларға арналған гимназия болғандықтан, бұл мектептің алға қойған міндеттері зор және нәтижесі де мол болуы тиіс. Сондықтан Астанаға келгенде, бізді қуанышпен қарсы алды. Павлодар облысың, қаласың «Ғылымның отаны», «Павлодар ғылым орталығы» деп бекер айтпайды... Одан кейін «Хейлбери мектебі» сабақтарды ағылшын тілінде меңгерді екен. Мектепте англиядан келген ұстаздар сабақ беретін көрінеді. Жалпы бұл «Хейлбери» мектебінде балалар да, мұғалімдер де 3 тілде сөйлейді. Келесі аяқ тіреген ордаларымыз – «НұрОрда мектебі». Бұл мектеп – КТЛ жүйесінде, яғни қазақ түрік лицейлерінің шеңберінде жұмыс істейді. Бұл 1 ден 6 жасқа дейін жалпы білім беретін мектеп. 6 жастан бастап Павлодар қаласындағыдай және бұған дейінгі балабақшалар мен халықаралық білім беру мектептеріндегі жүйелер сақталған.

Менің арнамым – осы оқушылар (біздің мектептегі оқушылар) мектеп бітіргеннен кейін сол университетке түссе деймін. Біз барған университетке кірсеңіз барлық жағдай жасалған. Мектептің ішкі алаңқайында әлемде өсетін өсімдіктердің барлығы бар. Тіпті, дүкендер мен дәрханалардың өзі университеттің ішінде орналасқан. Кітапханалары электрондық жүйеде. «Оқимын» деген балаға барлық мүмкіндік жасалған. Сонымен қатар балалар шетелге барамын, сонда оқимын деп қиналмауы үшін біздің Қазақстанда «Болашақ» бағдарламасы бойынша ағылшын ұстаздары сабақ беретін мектеп ашылды. Оқушыларымыз мектепті бітіргеннен кейін грантпен сол мектептердің біріне түсіп кетсе деп тілеймін!

Бұрын біз - жай гимназия болсақ, қазір дарынды балаларға арналған гимназия болып отырмыз, сондықтан балаларымыз тек мектеп бағдарламасын игеріп қана қоймай, ғылыми жоба, олимпиадаларға қатысып жақсы нәтиже көрсетіп, конкурстарға қатысып жоғары көрсеткіш көрсетуі тиіс. Ал менің мақсатым – мектепте балаларға дұрыс оқуға жайлы жағдай жасау. Біз мектепті жаңа жылға дейін 2 кабинетпен 9 млн-ға жабдықтадық. Бұл – биология кабинетінің интерактивті тақтамен және орыс тілі мультимедиялық кабинетінің 16 компьютермен жабдықталуы. Келесі жылы химия кабинетін жабдықтау жоспарланып отыр. Сол себепті балаларымыздың жаман оқуға «правасы жоқ».

– Р.Хамитқызы, ой бөлісіп, сұхбаттасқаныңыз үшін көп рахмет! Сіздің алға қойған мақсаттарыңыз біздің де арман-мұратымыз, үмітіңізді ақтап, шакірттеріңіз еліміздің биік мінберінен көрінетіндігіне кәміл сеніңіз!

Сұхбаттасқан Рахимжанова Рахила, 9-сынып

«Алматы сапарынан түйген ой...»

Гимназияда 2009 жылдан бастап республикалық деңгейдегі «Мұрагер» бағдарламасы енгізілді. Бағдарламаның басты мақсаты - музыка сабағында оқушыларды домбыра аспабына баулу арқылы қазақ халқының дәстүрін, тарихын бойына сіңіру болып табылады. Осы орайда 7-11 қарашада Алматы қаласы «Көкіл» мектебінің директоры, ҚР мәдениет қайраткері, сазгер Абдулхамит Райымбергеновтың бастауымен «Тәуелсіздік» атты Республикалық семинар өтті. Осы семинарға гимназия директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Бакирбекова қатысып келді. Енді Гүлбану Абусыздыққызымен жүргізген сұхбатымызды ұсынамыз.

– Қайырлы күн, Гүлбану Абусыздыққызы! Гимназиядағы «Мұрагер» бағдарламасының іске асырылуы жайында айтып өтсеңіз?

– 2009 жылдан бастап 1-сынып оқушылары музыка сабағында «Мұрагер» бағдарламасы бойынша оқуда.

Мұғалімдеріміз Алматы қаласында курстан өтіп, «Көкіл» мектебі тарапынан гимназияға 25 домбыра, әдістемелік құралдар пен оқулықтар сыйға берілді. Биылғы жылы 1-3-сыныптар осы бағдарлама бойынша оқуда. Оқушылар домбырада ойнауды меңгеру арқылы шағын ән-күйлерді тартуды үйренуде. Сонымен қатар аңыз-әңгімелер арқылы халқымыздың ақын-жазушылары, жыраулары мен күйшілерінің шығармашылығымен танысуда.

– Сіз қатысқан семинар несімен ерекшеленді? Жалпы біздің мектеп оқушылары үшін қандай пайдасы бар?

– Семинар өте жақсы өтті. Осы бағдарламамен жұмыс жасайтын Алматының мектептері ашық сабақтар көрсетіп, өз тәжірибелерімен бөлісті. Әсіресе №172 мектеп оқушыларының өнері ұнады. 5-7 сынып оқушылары күй тартыс, айтыс, ән айту арқылы домбыраны, қазақ өнерін қаншалықты жақсы меңгергенін көрсетті. Сол күні кешке А.Райымбергеновтың бастауымен жыр кеші өткізілді. Кеште Үлжан Байбосынова, Айгүл Қосанова сияқты өнер майталмандары келген қонақтарға өз өнерлерін паш етті. Тіпті, олармен сұхбаттасуға мүмкіндік туды.

– Алматыдағы семинардан қандай ой түйдіңіз?

– Бүгінгі күні бағдарламаның маңызы үлкен деп ойлаймын. Себебі қазіргі кезде балалар көбіне теледидар көріп, компьютерден бас алар емес, кітап оқитындар да азайып барады. Сондықтан мектеп қабырғасында жүріп, өз елінің салт-дәстүрін, өнерін, халық ауыз әдебиетін оқып, санасына сіңіре жүргені болашақ ұрпақты елін сүйге, ұлтжанды азамат болуға, өнерге жақын болуға тәрбиелейді деп ойлаймын. Ал домбыра аспабында ойнай білу, ән салу әр адамның басқалармен тез қарым-қатынас жасауына, басқа ортаға оңай бейімделуіне, өз достарының арасында беделді болуына жол ашары анық.

Сұхбаттасқан Шәймерденова Әсия, 9-сынып



# МЕКТЕП ТЫНЫСЫ

## "Балауса" ақпарат

Мектебіміздің «Балауса» радио-ақпарат орталығында «20 жұлдызды күн» немесе «Тәуелсіздіктің 20 шыңы» аясында ұйымдастырылған республикалық деңгейдегі іс-шара өткізілді. Шараның мақсаты – оқушыларымыздың қазақ елінің дамуы мен өркендеуіне қосқан үлесін, ұлттың ұлттық болмысын танып, салт-дәстүріміз бен рухани құндылықтарымызды насихаттауды көздеді.

Республикалық деңгейдегі шара барысында «Тәуелсіз елдің ұландары» атты танымдық сайыс-бағдарламасы өткізіліп, бұған 5-9-сынып оқушылары белсене қатысты.

28 қараша күні мектебіміздің бір топ ұстаздары Павлодар қаласындағы Абай атындағы дарынды балаларға арналған № 10 лицейдің шығармашылық есеп беру кешіне қатысып қайтты. Шығармашылық есеп беру кеші облысымыздағы мәдениеттің белді ошағы саналатын қара шаңырағымыз «Жүсіпбек Аймауытов атындағы қазақ музыкалық драма театрында» өткізілді. Кеш барысы оқушылардың шығармашылық қарым-қабілетін ерекше танытумен ұтымды шықты. Оқушылар ән-күй, би өнерінің сазы мен тылсым сырын балалық өрминезімен шебер ұштастырды.



1 желтоқсанда мектеп әкімшілігінің ұйымдастырумен ұстаздар әдістемелік бірлестіктері арасында «Менің көкейімдегі дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектеп» тақырыбында семинар-тренинг өтті. Семинар-тренингтің мақсаты – мектеп ұстаздарының және әдістемелік бірлестіктердің арасындағы қарым-қатынасты нығайтып, алда орындалатын жұмыс барысын, жалпы дарынды ұрпақтың ұлттық санасын кемел біліммен ұштастыруды көздейді.



7 желтоқсан күні «Алаш аманаты – Тәуелсіздік» атты тарих пәнінің мұғалімдері ұйымдастырған ғылыми-теориялық конференция өтті. Конференцияның ұйымдастырылу мақсаты – қазақтың зиялы қауымдарының, ел тәуелсіздігі үшін күрескен Алаштың айтулы азаматтары – Әлихан Бөкейханов, Мұстафа Шоқай, Хәлел және Жәһанша Досмұхамбетовтер, Тұрар Рысқұлов, Ахмет Байтұрсынов және Міржақып Дулатов сияқты арқалы азаматтардың тілеген тілегі – тәуелсіздік үшін күрескен ерліктерін насихаттауды алға қойып отыр. Алты Алаштың аңсаған тілегі бұл күнде орындалды. Біз тәуелсізбіз, еркінбіз, еріктіміз!



Еркін елдің ақ ордасы, білімнің қайнаған ортасы гимназиямызға Павлодар мемлекеттік педагогикалық институтының ұстазы, филология ғылымдарының кандидаты – Елікбай Серік Төлеубайұлы арнайы шақыртылып, ғалым бүгінгі болашақ ұрпаққа тәуелсіздік жолында қасық қаны қалғанша қасқайып тұрып күрескен ерлердің ерен еңбектерін, олардың басынан кешкен «қилы кезеңнің» мән-мағынасын ашып берді. Сонымен қатар ел тарихын насихаттап, оның дамуына елеулі үлес қосып жүрген тарихшыларымыздың бірі – тарих ғылымдарының кандидаты Сыздықова Аймакен Мерекеқызы қатысты.

1-нші және 15-ші желтоқсан аралығында мектебімізде «Тәуелсіздіктің 20 жылдығына» орай «Еліміздің еркіндігі - Тәуелсіздік» тақырыбында ашық сабақтар өткізілді. Ұстаздарымыздың ашық сабақ берудегі мақсаты – оқушылардың болмысына ұлттық рух пен Отансүйгіштік, патриоттық сезімдерді сіңірту. Сонымен қатар еліміздің келелі болашағын қалыптастыратын ұрпақты тәрбиелеуді көздейді. «Тәрбие – тал бесіктен басталады» деген ұстанымды алғы шарт ретінде ұстанған ұстаздарымыз мектеп қабырғасында жас өркендеріміздің бойына «Тәуелсіздіктің тәтті дәмін» сіңірте білді.



26 қараша күні «Тәуелсіздіктің 20 жылдығына» орай мектебіміздің кітапханашысы Гүлназ Арыстанбекқызының ұйымдастыруымен «Ғалымдар еліне саяхат» атты 6 «А» және 6 «Ә» сынып оқушылары арасында зияткерлік-танымдық сайыс өткізілді. Интеллектуалды ойынның мақсаты – бүгінгі кемел ұрпақтың зияткерлік әлеуметін арттырып, Отанға, туған елінің құндылықтарына, салт-дәстүріне, ғылымға деген ілтипатты арттыру. Жалпы оқушылар тәуелсіздіктің қадыр-қасиетін жете түсінуін насихаттауды алғы шарт ретінде қойды. Ойын барысында жеңіс туы – 6 «Ә» сыныбының қанжығасына байланды.



12 желтоқсан күні бейнелеу өнері пәнінің мұғалімі Асхат Оразымбетұлының ұйымдастыруымен «Тәуелсіздіктің 20 жылдығына» орай бастауыш сынып оқушылары арасында сурет көрмесі өтті. Сурет сайысында мектебіміздегі жас қылқалам шеберлерінің қаламын ұштап, балалық қиял әлемін, дүниеге деген көзқарасын дамытуды мақсат етті. Сонымен қатар жас жеткіншектердің туған елін сүйде олардың патриоттық сезімін оятып, Отанға деген шексіз сүйіспеншілігін танытуды алға қойды.

Ей, тақәппар дүние,  
 Маған да бір карашы.  
 Танимысың, сен мені,  
 Мен қазақтың баласы ...  
 Қасым Аманжолов

### «Тәуелсіздік – ата бабам аңсаған»

13,14 желтоқсан күндері «Тәуелсіздік- ата бабам аңсаған» атты салтанатты жиын өткізілді. Салтанатты жиын әнұранмен басталып, тәуелсіздікке қол жеткізу жолындағы қазақ халқының тарихы баяндалды. Мектеп директоры толағай жетістіктерге жеткен ұстаздар мен оқушылардың табыстарын қортындылап, марапаттады. Салтанатты жиынға жергілікті газет тілшілері, ардагер ұстаздар, ата-аналар қатысып, оқушылардың өнерін тамашалады.



## "Тәуелсіздіктің тұңғырлы 20 жылына біз жеткен жетістіктер



1. 1990 жылы 25 қазанда Жоғарғы Кеңес «Қазақ КСР-нің мемлекеттік егемендігі туралы Декларация» қабылданды.

2. 1991 жыл 1 желтоқсанда Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев жаппай бүкілхалықтық дауыс беру негізінде айқын басымдықпен Қазақ елінің тұңғыш Президенті болып сайланды.

3. 1991 жылы 16 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Заң қабылданды. Тәуелсіз Қазақстанды әлем мемлекеттерінің арасынан бірінші болып бауырлас Түркия Республикасы таныды.

4. 1991 жылы 2 қазанда тұңғыш қазақстандық ғарышкер Тоқтар Әубәкіров ғарышқа ұшты. Тоқтар Оңғарбайұлы Әубәкіров «Халық қаһарманы» және «Ғасыр адамы» атанды.

5. 1992 жылы қыркүйек, қазан айларында Алматыда дүниежүзі қазақтарының тұңғыш құрылтайы өтті.

6. 1992 жылы 4 маусымда ҚР мемлекеттік Туы мен Елтаңбасы қабылданды. Дәл осы 11 желтоқсанда ҚР мемлекеттік әнұраны қабылданды. 2006 жылы 7 қаңтарда «ҚР мемлекеттік рәміздері туралы» Жарлыққа толықтырулар мен өзгертулер енгізілді.

7. 1993 жылы 5 қарашада Президенттің «Болашақ» атты халықаралық стипендиясы белгіленіп, 250 студент осы стипендияның алғашқы иегерлері атанды. Бұл жоба 2009 жылы 5000 студенттің шетелде

білім алуына жол ашты.

8. 1993 жылы 15 қарашада Республика Президентінің жарлығымен ұлттық теңгеміз айналымға енді.

9. 1994 жылы шілдеде екінші қазақстандық «Союз ТМ-19» ғарыш кемесінің борт инженері Талғат Мұсабаев ғарышқа ұшты.

10. Еліміз ұлттық келісім мен ұлтаралық татулықты берік сақтап келеді. Осыған орай Қазақстан халықтары Ассамблеясы өз жұмысын жақсы атқаруда. Яғни, 1995 жылы 1 наурызда Қазақстан халықтарының Ассамблеясы құрылды.

11. 1993 жылы 28 қаңтарда ҚР тұңғыш Конституциясы қабылданды. 1995 жылы 30 тамызда жаңа Конституция қабылданды.

12. ҚР «Бейбітшілік кіндігінің» негізгі өзегіне айналып, Семей ядролық полигонының жабылуы мен Қазақстан ядросыз аймақ болып жарияланды.

13. Ел басының тапсыруымен «Мемлекеттік тілді қолдану аясы мен дамуының» бағдарламасы

жасалды.



14. 1997 жылы қазанда Президент Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан 2030» халыққа жолдауы жарияланды. Жолдауда болашаққа болжам жасалып, қазіргі республикамыздың даму ерекшеліктері айтылды.

15. 1997 жылы «Жалпы ұлттық татулық және саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы» деп жарияланды. Бұл қазақтың елдігі үшін күрескен ақтандақтарды еске алу күні ретінде қабылданып отыр.

16. 1997 жылы астана Ақмолаға көшірілді. Осы жылы 10 желтоқсанда Ақмола қаласы ресми Астана болып белгіленді.

17. 1998 жылы 6 мамырда Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Ақмола қаласын Астана деп атауға жарлық шығарды. Дәл осы жылы 10 маусымда жаңа астананың ресми тұсаукесері болып өтті.

18. 2010 жылы Евразия Қауіпсіздік және Ынтымақтастық Ұйымының «Астана саммиті» өтті.

19. Қазақстан шекарасы ұлан-ғайыр даланы алып жатыр.

20. Қазақстан қарулы күштері мықты ел қорғаны болып отыр.

21. Қазақстан әлемді бағындырған спортшыларымен танымал. Биыл 2011 жылы «Азиада» спорттық олимпиада ойындары өтті. Бұл Қазақстанның әлем алдындағы беделін көтерді.



# "Қазақ елі, жаса Қазақстан!"

**Қаз дауысты Қазбек би айтқан аталы сөздің маңызы жоғалмайды ...**

«Біз қазақ, мал баққан елміз,

Ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз.

Елімізді басынбасын деп,

Ордамыздан құт қашпасын деп,

Найзаға үкі таққан елміз.

Жау аяғына басылмаған елміз,

Дұшпан аяғына жаншылмаған елміз.

Басымыздан намысты асырмаған елміз,

Адалдықтыәрқашан жасырмаған елміз,

Адал ниетті ақтай білген елміз.

Атаның өсиетін балаға,

Баланың өнерін атаға,

Айтып, тарата білген елміз ... »



# уанышты жа алы!

## Ақын жанды Дария

Жуырда Павлодар қаласындағы дарынды балаларға арналған «Жас дарын» мектебінде «VI Мұқағали Мақатаев оқулары» атты республикалық сайыс өткізілді. Бұл аталған мәнерлеп оқу сайысының мақсаты республикалық жалпы білім беретін оқу орындарының арасында ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың шығармаларын насихаттауды көздейді. Сонымен қатар оқушылардың шығармашылық қабілеттерін, эстетикалық талғамдарын, тума талант, табиғи дарындылық қасиеттерін ашуды нысанаға алады.



Қазақтың Хантәңірісі атанған Мұқағали шығармашылығын насихаттап, өзіндік іздемпаздығымен ерекшелеген оқушылар обылысымыздың әр өңірінен топ жарып, өздерінің таланттарын көрсету үшін аталған оқу орнына жиналды.

Сайыс алты кезең бойынша жоспарланды. Бірінші кезеңде оқушылар «Менің пірім - Мұқағали» айдырында ақын Мұқағалиға арналған арнау өлеңдерін оқыды. Екінші кезеңде

«Жауқазын жыр жанымды жүр мазалап» айдарында өз төл туындыларын жатқа оқыды. Бұнда ой кестесіне сай көркемдік, терең философиялық ойлылық, мәнерлеп оқу сияқты өлең оқу мәнеріне қойылатын негізгі талаптарды орындау көзделді. Келесі кезеңде ақынның айтулы туындылары «Жыр эстафетасы» айдарында «Аққулар ұйықтағанда» және «Райымбек, Райымбек» атты ауқымды екі поэмасын жатқа айту көзделді. Төртінші кезеңде - берілген ұйқасқа сай өлең құрастырып, оны ақын өлеңдерімен салыстыра ой көркемдігін анықтау талап етілді. «Өлеңнен өрілген ой» кезеңінде ақынның қазылар алқасы ұсынған өлеңдерінің бірін тақырыптық-идеялық жағынан ашу талап етілді. Ал соңғы «Жорға» атты ойында бір минут ішінде берілетін 10 сұраққа шапшаң жауап беруді нысанаға алған ақын шығармашылығы мен өмірінен түрлі қызықты, әрі қиын да қисынды сұрақтар қойылды.

Өткен оқу жылында «V Мұқағали Мақатаев оқулары» республикалық сайысы біздің қаламызда бірінші рет өткізіліп, жүлделі I орынды Ақсу қаласының дарынды балаларға арналған мамандандырылған гимназиясының 9-сынып оқушысы Сейілханова Дария жеңіп алып, ал облыстық турда II орынды иеленген еді.

Ақын Мұқағали өзі жырлап өткендейін:

«Іздемпаздық менің де бар өмірім,  
Будан жасап бидай мен тары егемін.  
Қазан миым бәрін де қайнатады,  
Дара қойып қазақтың кара өлеңін ...», -

деген асыл сөзді Дария да ту етіп, қазақтың кара өлеңінің қадірін өзгеден дара қойып, пір тұтып, облыстық сайыста 20 үміткер жас ақындар арасынан оқ бойы алға озып жас тіл маманы Ғазиз Еңлік Ғазизқызының жетекшілік етуімен жүлделі I орынды иеленді.

Ендеше, біз де, ақын апаларымыз Фаризадай қаламыңның қарамы, аяқ алысы кеңейе берсін деген тілекпен білімді де зерек, жас ақын қызымыз Дарияға болашақтағы ақындық жолында сәттілік тілейміз!



Рахимжанова Рахила  
9-сынып

# Дарын-глобус



«Білімді – мыңды, білекті – бірді жығар»

Халық даналығы

## Ғылыми жоба

11 қарашада мектепшілік ғылыми жоба сайысы өткізілді, барлығы 8 жоба қатысты. Осы сайыста жүлделі орын алған оқушылар:

I орын: Өміржан А, Рүстем І. - 9-сынып

Михайленко Ю. - 10-сынып

II орын: Ибраева С. - 9-сынып

Аманжолова Д. - 11-сынып

III орын: Маденов А. - 8-сынып

Хайргельдинов А. - 8-сынып

Облыстық іріктеу кезеңіне жолдама алған оқушылар:

Өміржан А, Рүстем І

Сейілханова Д

Ибраева С

Хайргельдинов А

## Облыстық олимпиада

25 қарашада Павлодар қаласында «Информатика және бағдарлама жасау» тақырыбында облыстық олимпиада өткізілді. Осы сайыста жүлделі орын алған оқушылар:

I орын: Темерғалинов Қ. - 6 «Ә» сынып

II орын: Хайргельдинов А. - 8-сынып

Қайыржан С. - 7 «А»

III орын: Баяманова Г. - 8-сынып

## «Зерде» ғылыми жоба сайысы

26 қарашада 1-7-сыныптар арасында өткізілетін облыстық «Зерде» ғылыми жобалар сайысы өтті. Барлығы мектебімізден 13 жоба жіберіліп, іріктеу турына 4 оқушы қатысты.

6 «Ә» сынып оқушысы Қонақбаев С. III орынды иеленді. Ал 6 «А» сынып оқушысы Алиханова Томирис «Алаш үміті» номинациясын иеленіп, «Балдәурен» республикалық орталығына жолдама алды.

## КИО (интернет-олимпиадасының) қазақ тілі пәні бойынша қорытындысы

I орын: Есімханова Ә.

Хасанова А. – 40 ұпай

Искакова М. – 40 ұпай

Кенжеғалиева Д. – 40 ұпай

Ибрайкина А. – 39 ұпай

## Ғылыми жоба

13 қарашада С.Торайғыров атындағы ПМУ-де облыстық оқушылардың ғылыми жобалар сайысы өткізілді. Біздің мектебімізден барлығы 8 жоба қатысты. Осы сайыста жүлделі орын алған оқушылар:

9-сынып оқушылары Өміржан Ақберен мен Рүстем Ілияс командалық-топтық жұмыста жүлделі III орынды иеленді.

8-сынып оқушысы Хайргельдинов Аскар «Өрлеу» номинациясының иегері атанды.

## Мектепшілік пән олимпиадасы өз мәресіне жетті ...

30 желтоқсанда мектепшілік пән олимпиадасы өтті. Биылғы олимпиаданың ерекшелігі мектебімізде әр пән бойынша оқушылармен жұмыс істейтін жоғарғы оқу орындары ғалымдарының қатысуымен есте қалды. Жалпы мектепшілік пән олимпиадасына барлығы 117 оқушы қатысып, оның 79 жүлделі I, II, III орындарға ие болды. Мектепшілік сыннан сүрінбей өткен оқушыларға облыстық пән олимпиадасында биіктен көрініп, қоржындары жүлделі орындарға ие болсын деген тілек білдіреміз!

Жеңіс тұғырынан түспеңіздер, құрметті оқушылар!

# Мәдениет қолжыегі

«Тәртіп – білімге бастар жол,  
Ал мәдениет – өркениетке апарар жол»  
Асқар Жұмаділдаев

## «Азат күннің жаршысы»

26 қараша күні Ақсу қалалық балалар шығармашылық үйінде "Сарыарқа самалы" газеті ұжымының ұйымдастыруымен мерекелік кеш өтті. Осы кеште «Сарыарқа самалы» газетінің ішінен ашылған екі бірдей жинақтың тұсауы кесілді. Біріншісі - "Айналайын" кітапшасы болса, екіншісі - "Жас times" жинағы баспа беттеріне шықты. Бұл кітапшалар тұғырлы Тәуелсіздіктің 20 жылдығына орай жарық көріп отыр.

Салтанатты жиынға біздің «Балауса» радио-аппарат орталығының мүшелері де барып қайтқан еді. Енді "Сарыарқа самалы" газетінің жас тілшісі - Жарқынбек Амантайұлымен жүргізілген сұхбатты назарларыңызға ұсынамыз.

**- Қайырлы күн, Жарқынбек аға! Алдымен сөз бастамас бұрын "Айналайын" және "Жас times" жинақтарының жарық көруімен сіздерді шын жүректен құттықтаймыз! Оқырмандарыңызды талай мәрте қуантасыздар деген үміттеміз. Сонымен, алғашқы сауалымыз мынадай: "Осы күнге дейін Сарыарқа самалы газетінің жеткен жетістіктері қандай?"**

- Рахмет, 80 жылдық тарих оңай тарих емес, бір ғасырды қамтыған дүние, бір ғасыр дегеніміз - бірнеше адамның ғұмыры, сондықтан "Сарыарқа самалы" газетінің жеткен жетістігі өте зор. Ең бірінші, Тәуелсіздік жылдарында оқырмандарымыз ондаған есеге артты. Бұрын газетіміз 1000-2000 дана болса, қазір 40000-ға дейін жетті. Бұл "Оқиды-ау" деген халақтың көбейгендігін көрсетеді. Тақырыптық та жетістіктер аз емес, ендеше "Жас times" айдарының шығуы да жетістік. Байқасаңыздар, басқа газетте жазылмайтын дүние "Жас times" беттерінен табылуда. Бұнда ешқандай бөгеге, тыйым салу деген атаулар жоқ, ойда жүрген тақырыптар ашық түрде жазылады. Ең бастысы - жастарда қайрат жігер болғаны. Бұл газетіміздің үлкен жетістігі болып табылады. Сондай-ақ соңғы бір-екі айда "Оқшау ой", "Апта аптығы" айдарларының шыға бастауы оқырмандарымыз үшін еркін ой түйге жол ашып жатыр. "Оқшау ой" айдарында кез-келген ойда жүрген дүниені жазуға болады, яғни ештеңеге шек қойылмайды. Осыны біздің бір үлкен жетістігіміз деп санар едім.

**- Керекудегі жастардың белсенділігі қандай?**

- Керекудегі жастардың белсенділігі арта түсті деп айтар едім. Бұрын ағаларымыздың кезінде тіпті қазақ тілді орта болмаған екен, қазір тамаша орта бар. Ол қандай орта? Ол - өлең, әңгіме, мақала жазатын жастардың көбейгендігі. Елімізде болып жатқан жайттарды талқыға салатын орта пайда болды. Яғни, мәселелерді көтере алатын жастар пайда болды. Бұл да үлкен бір жетістік, сонымен қоса көптеген ұйымдар бар. Оған дәлел ретінде "Sms" жастар газетін айтуға болады. Дәл осындай қазақ тілді газет республикамызда болған жоқ. «Жүрген соң күнде баурайында таулардың биіктігі байқалмайды» деп бекер айтылмаған. Егер қазақ тілділердің ортасында болсақ қазіргідей күрескер, күшті болмас едік. Негізінде, Кереку жері орыстанған жерлердің бірі ғой, сондықтан да, қой көзді жастарымыз қашанда күреске қайратты, жігерлі болып келуі - табиғи заңдылық.

**- "Балауса" газетінің оқырмандарына тілегіңіз**

- Ең алдымен сендер алға дұрыс мақсат қоюларың керек. Сол мақсатқа жету үшін ағаларыңнан ақыл-кеңес сұрап, мақалалар жазып, тексертіп дегендей, енді, бәрінде де кемшіліктер болады. Онда тұрған ештеңе жоқ, онсыз шынығып ширамайсыңдар, осыған ден қойыңдар деп айтқым келеді. "Балауса" газеті тек мектептің ішінде ғана қалып қоймауы керек?! Бұның жолын тауып, сендер мектеп бітіргеннен кейін қамқорлық жасай жүріп, аудандық, осы Ақсуда тарайтын газет етсеңдер нұр үстіне нұр болар еді. Сендерден кәсіпқой, мықты, талантты журналистер шығады деп сенеміз, үміттенеміз. "Көздеріңде от ойнаса, сөздеріңде жалын бар" дейді ғой қатарларың көбейеді деген үміттеміз. Биік шыңдар тілеймін!

**- Сұхбаттасқаныңызға көп рахмет! "Сарыарқа самалы" газетінің бағындырар белестері мен асар асулары көп болсын!**

Сұхбаттасқан Сәтпекова Әлемгүл 9-сынып оқушысы

## «Айгөлектің» жетістіктері

Біз "Айгөлек" би тобының мүшелері қарашаның 11-14-не дейін Астана қаласында өткен "Балбөбек" фестиваліне қатыстық. Фестивальге "Түрік" және "Шашу" биін үйірмедегі жетекшіміз Зембаева Динара Нығматуллақызының бастауымен апардық.

Астанада біз көптеген басқа би топтарының мүшелерімен таныстық. Сайыста Қостанай облысынан "Вздохновения", Астана қаласынан "Тұмар" би ұжымдарымен бақ сынастық. Біз көп жерлерге бардық. Маған мәдени ойын-сауық кешені "Думан" сауда орталығына барған сәт өте ұнады. Сонымен қатар Джунгли бағына қыдырып барғанымыз да ерекше есте қалды. Жалпы сайыста біз ІІІ дәрежелі дипломмен оралдық.



Мажинова Эльмира 6 «Ә» сынып оқушысы

## КТК кезекті додасы ...

4 қараша күні 11-сынып оқушыларының ұйымдастыруымен КТК ойындары өткізілді. Бұл сайысқа 7-11 сынып аралығындағы оқушылар қатысты. Осы додада 7-8 - сынып оқушыларының эзілдері айрықша көзге түссе, 9 - сынып оқушыларының үй тапсырмасы ерекше әсер қалдырды. Ал 10-сынып оқушыларының таныстыруы мен 11-сынып оқушыларының музыкалық көріністері көрермен көңілінен орын алды.

Ойын нәтежиесі бойынша 11-сынып оқушыларының "Реальный жігіттер" командасы биіктен көрінді. Сонымен қатар эзіл-кеште "Мистер КВН" атағын Арынов Диас жеңіп алса, "Мисс КВН" атағына Имангазина Адина ие болды.

Жалпы КТК ойындары мектеп қабырғасында жиі өтіп тұрады. Бұл оқушыларымыздың күнделікті сабақ барысында шаршаған сәттерін басатын «көңіл сергітер тәтті витамин» деп айтсақ артық болмас.

Сәтпекова Әлемгүл 9-сынып оқушысы



# □ дебиет айдыны

## "Балауса балғын жырлар"

Тәуелсіздік  
Тәуелсіздік сөзі -

### Желтоқсан-ызғары

Желтоқсанның ызғарлы бір күнінде,  
Шықты алаңға Отан үшін бәрі де.  
Азаттықты аңсаған жас қырандар,  
Төзе білген суыққа да өлімге  
**Альдекенова Айнұр 6 «Ә» сынып оқушысы**

### Тәуелсіздік арманы

Тәуелсіздік күні дейміз бұл күнді,  
Бабалардың сан ғасырлық арманы.  
Жиырма жылда жеттік біздер биікке,  
Даласы, тау-тасы орманы.  
Тәуелсіздік күні дейміз бұл күнді,  
Бабалардың сан ғасырлық арманы,  
Отанымыз-қазақтың кең даласы.  
Өзен-көлі, тау-тасы мен орманы  
**Боранбаева Айнаш 6 «Ә» сынып оқушысы**

### Тәуелсіздік ұраны

Тәуелсіздік – бабалардың ұраны,  
Бұл уақытта бойға таққан тұмары.  
Тәуелсіздік - түнектерде тұншығып,  
Ызғар ұрып қалған шырағы.  
**Өмірбекова Айжан 6 «Ә» сынып оқушысы**

### Туған жер

Туған жерім бесігім,  
Мәпеледің ,өсірдің  
Туған жерім келешекте,  
Қорғаныңмын мен сенің.  
Туған жерім қымбатсың!  
Таза ауаң да, суың да  
Қымбат маған бәрі де,  
Орман, тоғай, бауың да.  
**Аменова Толқын 6 «А» сынып оқушысы**

### Біздің Қазақстан

Алтай-Жайық арасы-  
Жарты әлемдей даласы,  
Ол-біздің Қазақстан!  
Кенге толы қойнауы,  
Төлге толы жайлауы,  
Ол-біздің Қазақстан!  
Жастан сүйіп аңсаған,  
Тәтті күй мен кәусәр ән,  
Ол-біздің Қазақстан!  
Анамыздай тілеуі ақ,  
Отан бізде біреу-ақ,  
Ол-біздің Қазақстан!  
**Смагулова Диляра 2 «Ә» сынып оқушысы**

### 16 желтоқсан

Елдің ұлы мейрамы,  
Жаңа шыққан көктемдей,  
Жаз күніндей жайдары.  
Арымыздай тап-таза,  
Жанымыздай шуақты.  
Көтерілді биікке  
Қазақстан байрағы!  
**Молдабаева Мерей 2 «Ә» сынып оқушысы**

Он бір әріптен тұрады.  
Ең қымбатты, әң әсерлі  
Сөз болып табылады.  
Жиырма жыл болды,  
Жастарымыздың ерлігіне,  
Болаттай мықты Қайратымыз,  
Күмістей жарқыраған Ләззатымыз  
Батыл болған Ерболымыз,  
Сәбира апайды ұмытпаймыз,  
Ноғайұлы Қайратымыз,  
Жасаған ерліктеріңіз,  
Жүзеге асты тілектеріңіз.  
Сіздерді мақтан тұтамыз,  
Сіздерді мәңгі ұмытпаймыз!  
**Боранбай Бихан 5 «Ә» сынып оқушысы**

### Туған жерім

Туған жерім - Қазақстан байтақ елім  
Туып-өстім тәй бастым қастерледім  
Туған жердей жер болмас деген мақал  
Еске салар мәңгі сені аяулы елім  
Қастерлесен , табынсаң думан елге  
Ардақта да мен деген бол азамат  
Елім, жерім деген ер жігітке  
Тәуелсіз еліңді қыл аманат  
Біз аманат еткен адам-Нұрсұлтан  
Нұрдың да, алаштың да сұлтаны болған  
Жетістікке жеткізді ол қаншама  
Алға, алға тәуелсіздік Қазақстан!!!  
**Амангелді Диас 2 «Ә» сынып оқушысы**

### Туған жерім

Туған елім-  
Менің асыл бесігім.  
Туған жерім-  
Менің алтын мекенім.  
Мәңгі соғар  
Сен деп  
Менің жүрегім!  
**Рамазанова Аяулым 3 «Ә» сынып оқушысы**

### Қазақстан

Қазақстан-баға жетпес елім менің,  
Қазақстан-ұраным, әнім менің.  
Мақтан тұтам жерімді туып-өскен  
Тәуелсіз Қазақстаным, жерім менің!  
Ата-бабам армандаған ұлы ел.  
Батырлары жауға шауып қорғады,  
Қанын, жанын сен үшін тырнады.  
Сәбира, Қайрат, Ләззат батырлар ...  
Отанды қорғап-ақ, көзін жұмып құлады.  
Бүгінгі күн - тарихымыздағы Ұлы күн.  
Тәуелсіздігін жариялады қазағым,  
Бұл оқиғалы желтоқсан,  
Есімізде қалар әрқашан  
**Калиева Дильназ 4 «Ә» сынып оқушысы**

### Тәуелсіз ел

Тәуелсіз, азат елім менің  
Қазақстан жерім-елім.  
Мақтанамын тәуелсіз ел болғанға  
Қазақстан Республикам менің!  
**Бавархан Есбол 4 «Ә» сынып оқушысы**

### Елім менің

Сүйем сені елім менің  
Ата-бабам туған жерім.  
Қазағымды қорғаған баатыр бабалар  
Қазақ болғанымға мақтан тұтам!

**Момынтаева Дильназ 4 «Ә» сынып оқушысы**

### Қазақстан

Көк байрағы көк аспанда қалықтап,  
Өнұраным шырқалады шарықтап,  
Нұрсұлтандай ағамыз бұл халықты.  
Әлемдегі барлық елге танытты.

**Уәлихан Адина 3 «А» сынып оқушысы**

### Тәуелсіздікке 20 жыл

Тәуелсіздік не берді,  
Егенмен елді берді.  
Тәуелсіздік таңы атып,  
Керемет шақ тез келді.  
Қазақстан жиырма жылда,  
Танымастай өзгерді.  
Мектептегі балалар,  
Шат күлкіге кенелді.  
Тарихта кеткен аталар,  
Кітаптарға енеді.

**Абай Асхат 4 «А» сынып оқушысы**

### Тәуелсіз Қазақстан

Тәуелсіздік жиырма жылдың ақ таңы !  
Тәуелсіздік-бар қазақтың мақтаны!  
Тәуелсіздік-балдырған бал бөбектің  
Тіліндегі төрт тармақты өлеңі!  
Тәуелсіздік-ғарышқа мінген қазақтың  
Терең ойлы,текті ұлы –Тоқтары!  
Тәуелсіздік-бейбітшілік кеніші!  
Бәрін айт та, бірін айт  
Тәуелсіздік-Қайрат пенен Ләззеттың жеңісі!

**Рахимжанова Рамиля 3 «Ә» сынып оқушысы**

### Байтақ Қазақстан

Жері байтақ, табиғаты сұлу, туған елім,  
Егемендік, тәуелсіздік алған елім.  
Көп ұлттармен тату-тәтті өмір сүріп,  
Достығымыз жарасқан халқым менің.

Елордасы Астана, қазақ елім  
Елбасымыз Нұрсұлтан жасай берсін!  
Көк байрақ желбіресін биіктерде  
Аспаны ашық халқы тыныш, туған жерім.

**Жұмабаева Дильнарз 3 «Ә» сынып оқушысы**

### Біз - туған ел баласы

Асыр салған таласып,  
Біз - туған ел баласы.  
Қандай байтақ Отаным  
Жан-жағына қарашы  
Бәрін көріп келеміз,  
Болашаққа сенеміз.  
Жақсы оқумен еңбекпен  
Біздер жауап береміз

Отаным кең көсілген,  
Қаптаған мал,алып дән,  
Төсінде ырыс өсірген  
Бәрі менің иелігім.

**Қазбеков Мұхамеджан 3 «Ә» сынып оқушысы**

### Тәуелсіздік

Мен сүйемін елімді,  
Мен сүйемін жерімді,  
Салт-дәстүрін ұмытпай,  
Намысын қасақана тапталмай,

Тілді құрдымға жібермей,  
Досқа күлкі болмаймын деп,  
Тәуекелге бел байлап,  
Тәуелсіздік алдың сен,  
Бүгінгі соның жиырма жылдық  
Мерей тойын тойлайық!

**Касенова Сағида 4 «А» сынып оқушысы**

### Қазақстан

Қазақстан Отаным  
20-жылдық жасы бар  
Елімнің екі жүрегі  
Алматы мен Астанам  
Кең байтақ менің елімде  
Орналасқан көп ұлттар.

**Сембай Сұлтан 3 «Ә» сынып оқушысы**

### Отан

Отан менің өз жерім,  
Отан менің өзегім,  
Ер жетемін салуда.  
Бақыт құшып жүремін,  
Отанды мен сүйемін.

**Абшукур Анаргүль 3 «Ә» сынып оқушысы**

### Тәуелсіздік

Тәуелсіздік ата-бабам аңсаған,  
Жете алмай құрбан болды қанша адам.  
Президентіміз қазақ болсын деп,  
Жастарымыз шықты алаңға.

**Султанова Айсара 4 «А» сынып оқушысы**

### Тәуелсіз Қазақстан

Жері байтақ гүл жайнаған  
Атамекен Қазақстан  
20 жылдық байлық туған  
Тәуелсіз Қазақстан!

**Кенес Темірхан 4 «А» сынып оқушысы**

### Тәуелсіз ел тарихы

Тәуелсіз ел тарихы!  
Ерте заман обастан қазақ халқы  
Ел болуға талай ғасыр шайқасты  
Үйсін,сақтар, ғұндар патша-батыры.  
Еуропаның төріне даңқы өрлеп жайғасты.  
Алла бізге сыйлады еркіндік пен елдікті  
Оған қоса берген ғой сабырлық пен теңдікті  
Еділ патша ұрпағы Абылаймен жалғасып  
Елдік үшін күрестік тайсалмастан сан ғасыр.  
Бастан кешкен зар заман отаршылдық езгісін  
Болашағы елімнің –бүгінгі ұрпақ көрмесін!

**Мирзанова Аяжан 4 «А» сынып оқушысы**

### Тәуелсіздікке 20 жыл

Жиырма жыл, жиырма жыл азаттық,  
Өзімізді құрсаудан да босаттық.  
Ақтадық біз ата-баба үмітін,  
Қолда қазір көк ту менен бостандық.  
Желтоқсанның қанды суық ызғары,  
Қалың әскер қазағымды қорлады.  
Тәуелсіздікті қолдаған жастардың,  
Отан үшін табандары тозбады.  
Болмасам да сол кезде мен сеземін,  
Жүректе намыс оты сөнбегенін.  
Ызғарына аяздың төзгендерін,  
Бұл күн оңайлықпен келмегенін.  
Құтты болсын тәуелсіздік мерекесі,  
Мықты болсын елімнің керегесі.  
Тату-тәтті боп халқымыз әрқашан,  
Кетпесін туған жердің берекесі.

**Тасова Дариға 4 «А» сынып оқушысы**

*Бетті әзірлеген: Сәтпекова Әлемгүл*

# “КІЛІ МІТ”

Мен қазақпын!  
Күң емеспін жасқанар,  
Өр рухым бар алынбайтын тасқамал!  
Тәңірім текті қылып жаратқан соң,  
Арда бар, намыста бар, баста бар

## Тәуелсіздікке 20 жыл

Биылғы жылы біздің тәуелсіздігімізге 20 жыл толды. Тәуелсіздігіміз 1986 жылы 16 желтоқсанда жарияланды. Тәуелсіздігіміздің ашылуы Алматы қаласында болды. Республика алаңына шыққан жас жігіттер мен қыздар: Ләззат Асанова, Қайрат Рысқұлбеков, Сабира Мұхамеджанова. Солаға-апаларымыз әлі біздің тәуелсіздігімізді қорғап жүр. Олар жандарын қинап дүниеден өтті. Және де олар қорықпай, алаңға шығып тәуелсіздігімізді басқа елдерден қорғаған. Сол күні өте суық болды. Желтоқсан желі қатты болды. Оларды түрмеге отырғызғанда, өлең шығарып, біздерге қалдырған. Сол күні қар да қатты жауды. Сол аталарымызды, ағаларымызды ешқашан ұмытпауымыз керек. Әрбір адам оларды естерінде сақтауы керек. Олар сол жастарында қайтыс болған.

Олар да бақытты балалардың біріне жатады.

Төлегенова Дильназ 4 «А» сынып оқушысы

## Қазақстан тәуелсіздігіне 20 жыл

Биыл Қазақстан халқы ел тәуелсіздігінің 20 жылдығын қуанышпен атап өткелі отыр. Сондықтан да қоғамымыз үшін қиын да қызықты. Бірақ 1986 жылғы желтоқсан оқиғасы қазақ халқына, қазақ жастарына ауыр тиді. Біздің «қазақ» деген еліміз болсын деп қаншама азамат жұмыстан қуылды, қаншама студенттер оқудан шығарылды. Токсан тоғыз адам сотталды. Оның ішінде Қайрат Рысқұлбеков, Ербол Сыпатов, Ләззат Асанова, Сәбира Мұхамеджанова құрбан болды. Қазақ елі үшін жанын пида еткен аға-апаларымызға мың алғыс!

Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың білікті басшылығының арқасында ондай жайсыз жорамалдар мен сәтсіз күндер жоқ. Біздің еліміз әлемдік деңгейде жоғары қарқынмен дамып отырған бейбіт, әрі беделді мемлекеттердің қатарына қосылып отыр. Оның бүгінде әлемге танылғандығы ақиқат екені анық.

Президентіміз қысқа мерзім ішінде Қазақстанның әлем алдындағы бейбіт ел ретіндегі беделін қалыптастыра білді.

Кабулдинова Меруерт 4 «А» сынып оқушысы

## Отансүйгіштік – ұлы сезім

Патриотизмге үйретуге болмайды, ондай пән мектепте жоқ. Оған жастайыңнан сені айнала қоршаған орта – жанұя, мектеп, қоғам тәрбиелейді. Өзінің туған жерін, ата-бабасын білмеген адам, туған жеріне деген мақтаныш сезімін білдіре алмайды. Қазақстан балаларының ортақ міндеті – өз қатарластарын қандай ұлттан болмасын шеттетпей, олармен достық, татулық қарым-қатынаста болып, араласуымен ерекшеленеді. Бүгінгі жарқын болашаққа көптеген елдер «патриоттық сезімді» дәріптеу жолымен жетті. Мұндай дәстүр де қазақстандықтардың бойына бала кезден бастап сіңді.

Азаматтық, патриоттық сезімді қалыптастыру жағдайыелінді шын сүюден басталатын ұлы сезім.

Тюакпаев Даниял 7 «Ә» сынып оқушысы

## Тәуелсіздіктің жиырма жылдығы ...

Менің елім Қазақстан. Онымен мен мақтанамын. Өз келешегіне батыл қадам жасаған тәуелсіз, еркін ел. Жақында біз Қазақстанның тәуелсіздігінің жиырма жылдығын тойладық. Қазақстан осы күнге зор табыспен жетті.

Қазақстан – менің атамекенім. Қандай жақсы жылы сөз. Осы жарқын және шуақты күндер жаныңды нұрландырады. Қазақстан бүкіл дүние жүзіне белгілі мемлекет. Осы жерде туып-өсу – ертеңгі күнде үлкен намыс пен сенімділікті, болашаққа деген зор үмітті туғызады.

Қазақстан таңғажайып ел. Осы елде жүз отыздан астам ұлт өкілдері тұрады. Барлығына да жер жетеді. Халықтар арасындағы достық еліміздің ұлы аманаты болып табылады. Оны қадір-қасиетін дәріптеп жүрген қазақтар мен орыстар, белорустар мен украиндықтар, өзбектер мен қырғыздар, татарлар мен әзірбайжандықтар. Олардың барлығы – Қазақстанның өз балалары.

Алиханова Томирис 6 «А» сынып оқушысы

## Менің елім Қазақстан!

Біздің Отанымыз, туған жеріміз - Қазақстан. Ата-бабамыз ежелден осы жерде өмір сүрген. Қазақстан – өте үлкен республика. Оның табиғаты алуан түрлі, жері бай. Мұнда жазық дала мен орман да, көл де, көрікті тау да, шөл аймақ та бар.

Қазақстанда әлемге әйгілі тарихи ескерткіштер мен табиғаты көркем қорықтар, демалыс орындары көптеп кездеседі. «Медеу» мұзайдыны халқымыздың мақтанышы болып саналады. Талай қиындықтарды бастан кешкен қазақ халқы – бүгінгі күні егемендікке қол жеткізіп отырған ел. Біз тек бейбітшілікті қалаймыз. Тәуелсіз Қазақстаным өркендей берсін!

Ұзақбай Нұрайым 3 «А» сынып оқушысы

## Отан

Отан - адамның түп-тұқияны, ата-бабаларынан бері қарай кіндік қаны тамып өсіп-өніп келе жатқан жері. Сондықтан қай елдің адамы болсын өз Отанын дүниедегі ең қымбаты, ең қасиеттісі, ең аяулысы - анасына балайды. “Отан” ұғымы адамның адамдық мінез, ізгілік сезімімен, парасатымен етене байланысты.

Біздің халқымызда да атамекенді ардақтау сезімі өте терең, олар үшін туған жерді қасиет тұту - қанға сіңген мінез, ежелгі дәстүр. Бұл таным біздің жанымызға ана сүтімен тараған, ана тілімен дарыған, біздің ұшан-теңіз ертегі-аңыздарымыз, ұзақ дастандарымызбен жырларымыз, мақал-мәтелдеріміз, ұлы жырауларымызбен шешендеріміздің нақылдары туған жерді, Отанды ардақтауға жетеді. Олардың өзі қандай терең мәнді, көркем сөз маржандары десеңші! Мен Қазақ елін мақтан тұтамын!



## Қолыма қалам алып өлең жазсам.....

Аз ғана ғұмырында ақын болуды арман етіп, шабытымен самғаған дарынды баланың ақ қағазға жазып кеткен өлеңдерінде осы бір жол ерекше. Жас бала өзінің ойын, арманын, тілегін жыр жолдарына айналдырып, жинай берген. Өлең жазып, ақын болу басындағы бір бақыт екенін бала көңіл жүрегімен сезініп жырлаған екен...

1995 жылы 10 қарашада Курчатов қаласының азаматы Еркін Машғұтовтың отбасына келген тұңғыш сәбиді азан шақырып Жандос деп атапты. Қазақ халқының дәстүрімен кішкентай Жандосты атасы мен әжесі бауырына басқан. Үлкендерден өнегелі тәрбие алған Жандос Павлодар облысы Ақсу қаласындағы қазақ мектеп-гимназиясының бірінші сыныбына барды. Алғашқы күннен бастап зерек те алғыр бала үздік оқыды. Мектеп өміріне белсенді араласып, барлық мерекелік шараларда жүргізуші болатын. Ақсу қаласында өткізілетін қалалық мерекелерде де жүргізуші болып сахнаға шығатын. Жандос спортпен де белсенді айналысты. Спорттың күрделі түрі боксты таңдады. Жарыстарға қатысып, жүлделі орындарды иеленді.



(Мұқышев Жандостың «Қолыма қалам алып өлең жазсам» жыр жинағынан алынған алғы сөз)

### Қалам

Қолымда қалам тұрса,  
Жарқыратып өлең жазсам,  
Соншалықты өлең жазсам.  
Қызып ап, көңілге бассам,  
Қолыма қалам алып өлең жазсам...

Кітап шығарып бассам,  
Кітабымды еліме тартып,  
Әлде менің ойым ба?



### Менің тарихым

Мен Қырғызалымын,  
Найман - Қырғызалымын!  
Ешкімге де бас имеймін.  
Өйткені, тек Алланың құлымын!  
Мұқыштың немересімін, есімім - Жандос.

Атақты ақын болсам.

Қалам тұрса қолымда,  
Ақындық тұр жолымда.

Ақын болу, ақын болу,  
Бағым екен басымда.  
Ақын болу қиын ба?  
Қолға қалам алсаң, мойыма!  
Ақын болу..

Тарихыңды білмесең,  
жер басып жүрсің бекер бос!

16.07.10.

### Салт- дәстүр


Біздер бұрын көрмеген,  
Салт –дәстүрім өлмеген,  
Заманымда өрлеген.  
Біразы салт-дәстүрін білмеген,  
Қысылмай білмегенін айтқанда,  
Айтқанынша, неге жерге кіріп өлмеген!?

13.07.10.

### Мектебім

Мектебім-ау, мектебім-ау,  
Сағынып сені қалдым мен-ау.  
Қалама жақында келемін,  
Армандап сені де көремін.  
Қашанда ашық сенің есігің,  
Оқушылар өзіңнің тірегің.  
Мектебім сені сүйемін,  
Сенің маған керегің,  
Білімді бергенің.

04.06.09.



Мектептің барлық мерекелік іс-шарларын



абыроймен атқаратын жаны жайсаң  
Жандостың қуанышты кезі еді ... Әттең, өмірің  
қас қағым сәтте өтерін кім білген?!

# Спорт жаңалықтары

## Құттықтаймыз!

Қалалық сайыстағы шахмат турнирі бойынша жалпы командалық есеп негізінде I орынды иеленген оқушыларды құттықтаймыз!

Сухотерин Э I орын, Қонақбаев С II орын, Арынова Т I орын, Кусаинова Д II орын иеленді.

**Команда жетекшісі: Бекбасова Б.Ш.**

## Шахмат сайысы

29-30 қарашада Ақсу қаласының мектептері аралығында шахмат сайысы өтті. Онда 8 команда қатысты, оларды атап кетсек: №1, № 2, № 7, № 8, гимназия, лицей және 1 аралас командалар тобы қатысты. Осы сайыс өте жақсы өтті, барлық келген сайыскерлер қызығып ойнаған тартысты дода болды.

Гимназия командасы атынан 5 оқушы қатысты. Олар: Таупыков Әділхан, Қонақбаев Саду, Сухотерин Эльдар, Арынова Тоғжан және Кусаинова Дания. Сайыстың қортындысы бойынша Сухотерин Эльдар 2-ші шахмат тақтасы бойынша I орынға ие болды. Арынова Тоғжан 4-ші шахмат тақтасы бойынша I орынды қанжығаларына байлады. Кусаинова Дания 3-ші шахмат тақтасы бойынша 2 орын алды. I орын алған балаларға мадақтама қағазы және ұйымдастырушылар атынан сыйлық берілді. Жалпы командалық есепте гимназия мектебі I орынға ие болды.



Таупыков Әділхан 6 «Ә» сынып оқушысы

## «Өмірімнің мәні бокста ...»

Мен қараша айының 24 мен 28 аралығында қалалық жасөспірімдердің спорттық мектебіндегі бокс үйірмесінде Ақсу қаласының атын қорғап жарысқа қатыстым. Жарысқа мен өзімнің бапкермен және үйірме мүшелерімен бардым. Жарыс өте қызықты болды. Алғашқы бірінші және екінші күндері қарсылыстарыммен айқасқа шыққан жоқпын. Сондықтан мен екінші күні жеңіске жетіп, келесі күні тағы да жеңдім. Содан соң менен журналистерден интервью алды. Шыны керек бокс алаңына шығу қиын болды. Бірақ Павлодар облысының бас бапкері мені 1997-98 жылдар арасындағы өзінің жеке командасына жазып алған еді. Сонымен қоса спорт интернатураға шақырды, мен бас тарттым, себебі адам тек спорт жолында ғана жүре бермейді ғой, тыңғылықты білімде керек. Төртінші күні мен жеңілдім. Сонда менің көңіл-күйім нашар болды яғни, жаман күйге түстім. Өйткені, мен бірінші рет жеңілдім. Келесі күні марапаттау рәсімі болды. Нәтижесінде мен 2 орынға ие болдым. Маған DVD және ақшалай сыйлық берді. Тағы бір қуанышты сыйлық – Баянауыл өңірінедем алысқа жолдама алдым. Мен бұл сыйға өте риза болдым. Келешекте осылай Қазақстанның атын шығаратын спортшы болу үшін аянбай еңбек етемін. Бұл менің болашақтағы асқақ арманым!



Жұман Сұңғат 7 «Ә» сынып оқушысы

## «Тәуелсіздік – ата-бабам аңсаған ...»

Жуырда гимназиямыздың қабырғасында «Тәуелсіздіктің 20 жылдығына» орай «Тәуелсіздік ата-бабам аңсаған» аты тақырып төңірегінде дене шынықтыру пәндерінің ұстаздары – Айсұлу Бөкенбайқызы мен Нұржан Арыстанбекұлының ұйымдастыруымен айтулы мерекелік іс-шара өткізілді. Бұл шараның негізгі мақсаты – гимназиямызда оқитын оқушылардың спорт саласы бойынша жеткен жетістіктерін ел тәуелсіздігінің 20 жылдығына тарту ету болып табылады. Мерекелік шараның тағы бір ерекшелігі – қалалық деңгейде өз өнерлерімен әйгілі болған акробатикалық «Ирина» және «K4FAMILY» би топтарының қатысуы кешке жаңаша сипат берді.



Жалпы біздің оқушылар да спорт саласынан құр алақан емес. Біздің де қанжығамызда сан түрлі марапаттаулар мен сыйлықтар жетерлік. Атап айтсақ, 2001 жылы құрылған туризмнің «Экстрим» командасы республикамызда, қалалық және облыстық сайыстардан жүлделі орындар алып жүр. Сонымен қатар оқушыларымыз баскетбол, волейбол, шахмат сияқты көптеген спорттық ойын түрлерінен жүлделі орындармен қоржындарын толтыруда. «Денсаулық – зор байлық» деген ұстанымды тек оқушылар ғана емес, ұстаздар қауымы да берік ұстап, оларда спорттың әр салалық түрлерінен жүлделі орындарды иеленді.

Айтпекова Дана 9-сынып оқушысы

## «Тәуелсіздіктің 20 жылдығына арналған спорт күні ...»



10 қараша күні «Тәуелсіздіктің 20 жылдығына» орай қалалық әкімшіліктің ұйымдастырған кезекті жұмысы аясында гимназия оқушыларының қатысуымен спорттық іс-шара өтті. Бұл шарада – әр мектеп оқушыларының жексенбі демалыс күні арнайы келіп уақыттарын мектептің спорт залында өткізуімен ерекше болды. Әр сыныптың жетекшілері де келіп, шараға қатысты. Мысалға, 5-8-сынып оқушылары арасында пионербол, баскетбол жарыстары ұйымдастырылса, 9-11 сыныптарымен мұғалімдер арасында волейбол ойыны өтті. Ойын барысында ерекше көзге түскен оқушылар: Арынов Диас, Әміров Асыл, Бақасов Алмас, Жанкүшіков Дамир, ал мұғалімдер арасында белсене қатысып, көрермен көзайымы атанған қатысушылар: Сыздықов Азамат, Байсалбаев Тұяқ, Джамалбаев Мейрам. Ойын соңында бас жүлдені жеңіп алған 9-сынып оқушыларын және де ерекше көзге түскен қатысушылар арнайы мадақтамамен марапатталды.

Жансағимов Азамат 9-сынып оқушысы

## «1 желтоқсан Бүкіләлемдік ЖҚТБ дертіне қарсы күн»

23 желтоқсан күні мектебіміздегі СӨС факультативтік жұмысының жетекшісі – Айсұлу Бөкенбайқызының басшылығымен «Біз ЖҚТБ дертіне қарсымыз!» атты айлық акция ұйымдастырылды. Акция барлық Қазақстан мектептерінде салауатты өмір салтын берік ұстанып, еліміздегі халықтардың денсаулығын нығайтып, жақсы әдеттерге үйір болып, жаман әдеттер мен «Ғасыр дерті» атанған есірткіден аулап болуға үндеу тастайды.

Саналы ұрпақтың бойына жат болған, емдерге шипасы мен дауасы жоқ сырқаттың алдын алу жодарын 5-7-сынып оқушылары терең түсінген секілді. Оның айқын айғағы – кешегі акцияға белсене қатысқан оқушылар үшін сайыс түрінде өткізілуі. Жалпы сайыста I орынды 5 «А» сыныбы жеңіп алса, ал екінші II орынды 6 «А» сыныбының оқушылары қанжығаға байлап, келесі III орынды 7 «А» сыныбының оқушылары жеңіп алды.

Темиржанов Алдияр 6 «Ә» сынып оқушысы



# "Балауса" газеті

«Жаңа жылда маған сыйлаған ең бағалы сыйлық!» немесе «Мен сағына күткен Аяз ата...» тақырыбында мектепшілік ең үздік шығармалар (1-7-сынып оқушылары арасында өткізіледі) байқауын жариялайды.

Назар салыңыздар, жүлделі сыйлықтардан қапы қалмаңыздар!  
(Байқауға жіберілетін туындылар желтоқсан айының 29-на дейін редакциямызда қабалданады. Байқау шарттары бойынша барлық сұрақтар мәдениет бөлімі жетекшілеріне жіберілісін.)

Құрметті гимназия оқушылары «Балауса» радио-ақпараттық, орталығының мүшелері – «Балауса TV» жобасына сіздердің ұсыныстарыңыз бен озық идеяларыңызды қабылдайды?

Біздің шығармашылық топ мүшелері



## "Балауса" ақпараттық, әдеби-танымды газеті

БАС РЕДАКТОР – Рахимжанова Рахила

Бас редактордың орынбасары – Рамазанов Дархан

Редакция алқасы:

Бөлім меңгерушісі – Садуов Еламан

Жауапты хатшы – Шаймерденова Әсия, Ибраева Сая

Дизайнер /фотограф/ - Арынов Диас

Тілшілер тобы:

Қоғамдық-әлеуметтік жаңалықтар бөлімі – Ахмекенова Қымбат

Мәдениет бөлімі – Айтпекова Дана

Әдебиет бөлімі – Сатпекова Әлемгүл

Спорт бөлімі – Әміров Асыл

Біздің мекен-жайымыз: Әуезов көшесі, 58., тел/факс: 5-06-25, 6-42-94. Ақсу қаласының дарынды балаларға арналған мамандандырылған гимназиясы

E-mail: aksu-gimnazia @ yandex. ru

Мектеп баспасөзі және радио-ақпараттық орталығының жетекшісі – Ғазиз Еңлік Ғазизқызы

Құрылтайшысы: Гимназия әкімшілігі